

АНЫҚТАМА

2023-2024 оқу жылындағы «Өзін-өзі басқару» ұйымы жұмысының есебі

«Өзін-өзі басқару» ұйымы - балалар мен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаған, мүшелерінің қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын, өз бетімен ерікті, қоғамдық бірлестік.

2023-2024 оқу жылының өзін-өзі басқару ұйымының жүргізген жұмыстары зерделеніп, сараптама жасалынды. Өзін –өзі басқару ұйымының міндеті:

1. Мектеп оқушыларын бірінғай өзін-өзі басқара алатын, өзіне-өзі сенімді тұлға болуға тәрбиелеу.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеуге, мектеп ережесінің талаптарын бұлжытпай орындауға үйрету.
3. Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Мектепшілік президентті сайлау

№72 мектеп-лицейінің 2023-2024 оқу жылындағы «Өзін-өзі басқару» ұйымы өз жұмысын 2023 жылдың 21 қазаны – Мектепшілік президентін сайлаумен басталды. Барлығы 6 үміткер қатысуға өтініштерін білдірді. Мектеп президенті болып 10 «Г» сынып оқушысы – Махметгалина Аяжан Арманқызы сайланды.



Ұйым 5 фракция негізінде жұмыс атқарады: Атқару, Жоба, Азаматтық, Event және БАҚ. Құрамы: 21 оқушы; сонымен қатар 28 оқушы белсенділер қатарына кіреді. Барлығы 8-10 сынып оқушылары болып табылады.

«Өзін-өзі басқару» ұйымының алғашқы отырысы

Алғашқы отырыс 2023 жылдың 11 қарашасында өткізілді. Отырысқа 28 адам қатысты. №72 мектеп-лицейінің педагог-ұйымдастырушысы Тукен Г.М. «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмыс ережелерімен, әрбір фракцияның

міндеттерімен таныстырды, сонымен қатар бұл отырыста белсенділер тізімі бекітілді.



«Бес Асық», «Бес табан» ұлттық ойындары

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 17.11.2023 күні «Алтын сақа» республикалық челленджіне «Өзін-өзі басқару» ұйымы белсенділік танытып, «Бес Асық», «Бес табан» ұлттық ойындарын өткізуге бастамашылық білдірді.



«Баскетбол турнирі»

2023 жылдың 18 қараша күні мектеп президенті – Махметгалина А. тікелей бастамасымен мектепте 8-11 сынып оқушылары арасында баскетболдан турнир өткізілді. Жарысқа 8 ұлдар командалары қатысты.



Тәуелсіздік күніне арналған сынып сағаттарына қатысу

«Өзін-өзі басқару» ұйымыны бастауыш сыныптарда сабақты ұйымдастыруға көмектесуге қызығушылық танытады. Олар 2023 жылдың 15 желтоқсан күні мектептің барлық сыныптарында өткен Тәуелсіздік күні мерекесіне орай жалпы мектепшілік сабақтарға қатысты. Ұйым мүшелері сынып жетекшілерімен бірге 1-4 сыныптардың бастауыш сыныптарында сыныптарды безендіруге, презентациялар жасауға және ойындар өткізуге көмектесті.



Қарттар үйіне саяхат

2023 жылдың 27 желтоқсанында №72 мектеп-лицейінің оқушылары «Светлый» қарттар үйіне барып қйтты. Оқушылар өздері туралы әңгімелеп, қарияларға сұрақтар қойып, көңіл-күйлерін білді. Үйдің бірінші қабатында тұрғындар үшін жаңа жылдық ашықхаттарды жасау бойынша мастер-класс өтті. Оқушылар қарттарға жаңа жылдық шарлар пішініндегі ашықхаттарды әзірлеуге, оларды қарындаштармен, маркерлермен және мерекелік ленталармен безендіруге көмектесті. Бұл ашықхаттарға оқушылар өз тілектерін, құттықтауларын жазды. Осы кезде үйдің екінші қабатында жігіттер күй тартып, қыздар өз әндерін шырқады. Музыкалық нөмірлер тұрғындардың көңілінен шықты. Осыдан кейін екі топ орындарын ауыстырды – екінші қабатта мастер-класс, бірінші қабатта музыкалық қойылымдар өтті.



«Қар десанты» еріктілер эстафетасы

2024 жылдың 19 қаңтар күні «Өзін-өзі басқару» ұйымы «Қар десанты» еріктілер эстафетасына қатысты. Эстафетаның мақсаты - жастарды еңбекке баулу, қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімдерін ояту. Эстафета “Біргеміз” флэшмобымен басталып, оқушылардың қар тазалау жұмыстарымен жалғасты.



«ДОСБОЛІКЕ: достық қолын ұсын» республикалық акциясы

2024 жылдың 17 қаңтарынан – 17 ақпанына дейін жалғасын тапқан «ДОСБОЛІКЕ: достық қолын ұсын» республикалық акциясы аясында ұйым бірқатар іс-шараларды қолға алды: «Танысу тренингі», Достық білезіктері, Көңілді қоңырау және Инстаграм челленджі.

№72 мектеп-лицейімізде «ДосбоЛІКЕ: достық қолын соз» акциясы аясында бірқатар іс-шаралар өткізілуде. Соның бірі - бастауыш сынып оқушылары арасында жүргізілетін «Достық білезіктері» акциясы.

Достық білезігі - бір адам екіншісіне достық белгісі ретінде сыйға тартатын сәндік, қолдан жасалған білезік. Оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту және жақсарту мақсатында «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері бастауыш сыныптарына білезік тоқуға үйретті. Шара соңында бүлдіршіндер өздері жасаған білезіктерді бір-біріне тарту етті.



«ДебатИтермин» қалалық челленджі

Астана қаласы бойынша «Ұшқыр ой алаңы» қалалық пікірсайыс қозғалысы оқушылар арасында пікірсайыстағы жиі қолданылатын анықтамаларды түсіндіру және дәріптеу мақсатында «ДебатИтермин» қалалық челленджін бастады. №72 мектеп-лицейінде де оқушылардың дебаттық терминдерді қаншалықты білетіндігі туралы сауалнама жүргізілді.



«Қауіпсіз балалық шақ» онкүндігі

«Қауіпсіз балалық шақ – детство без опасности» он күндігінің жұмысы аясында «Өзін-өзі басқару» ұйымы «Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелеру» тақырыбындағы үстел ойынын, «Жасөспірімдер қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?» постерін жасауға атсалысты.



«Алғыс айту күні»

01.03.2024 күні мектепшілік «Өзін-өзі басқару» ұйымы «Алғыс Айту» мерекесі аясында мектеп әкімшілігіне, қызметкерлеріне, медбикелерге арнап қолдан құттықтау ашықхаттарын жасап, сыйлады.



«Ұлы Дала тарланы»

12.03.2024 күні №72 мектеп-лицейінде «Наурыз шуағы» бірыңғай ауқымды іс-шаралар аясында «Ұлы Дала тарланы» - ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізілді.



Сілтемелер

<https://www.instagram.com/p/CyqXRdrLSmy/?next=%2F>

<https://www.instagram.com/p/Czvku7FrAcO/?next=%2F>

<https://www.instagram.com/p/Cz1HQh7sdix/?next=%2F>

<https://www.instagram.com/p/C03m38gLKny/?next=%2F>

<https://www.instagram.com/p/C2RvLX0LBJx/?next=%2F>

https://www.instagram.com/p/C2jHPQVo_D2/?next=%2F

<https://www.instagram.com/p/C2xBICesKFw/?next=%2F>

<https://www.instagram.com/p/C21Hyv5C0yq/?next=%2F>

<https://www.instagram.com/p/C27odS9MSgI/?next=%2F>

https://www.instagram.com/p/C3XKuqsMdYt/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/C3-ZS6yMP-E/>